

# Дәріс 12

Нейропсихология пәні мен салалары. Негізгі нейропсихологиялық синдромдар. Клиникалық психологтың қызмет салалары.

PhD Камзанова А.Т.

# Нейропсихология

- Клиникалық нейропсихология мидың кез келген бөлшектерінің зақымдануы кезінде болатын нейропсихологиялық синдромдарды зерттейді.
- Мидың кез келген бір бөлігінің зақымдануы біріншілік симптомдардың пайда болуына және соған байланысты екіншілік зақымдану ретіндегі жалпы қызмет жүйесінің зақымдануына әкеледі.
- Біріншілік және екіншілік симптомдардың жиынтығы нейропсихологиялық синдромды құрайды.
- Нейропсихология ми және психика қатынасының мәселелерімен айналысады.

# А.Р. Лурия мидың үш блогының концепцияс ын енгізді:

- Энергетикалық - кез келген психикалық іс-әрекеттің белсенді компоненттерін қамтамасыз ететін процестеріне жауапты;
- Ақпараттық - сырттан келетін ақпаратты қабылдау және өңдеу процестеріне, сыртқы және ішкі кеңістікте бағытталу үшін жауапты;
- Бағыттаушы - психикалық іс-әрекеттің бөлек түрлерін басқару процестеріне, жалпы мінез-құлықты бағдарлауға жауапты.

# Мидың локалды зақымдану кезіндегі негізгі нейропсихоло гиялық синдромдар

- Бас мидың әр бөлігінің зақымдалуындағы синдромды нейропсихологиялық талдау. Синдром туралы түсінік. Клиникалық және нейропсихологиялық синдромдар. Нейропсихологиялық синдромдарды құрастыру және бөліп шығару принциптері. Әртүрлі нейропсихологиялық синдромдардың сипаттамасы. Мидың локальды патологиясында психикалық процестердің бұзылуларының диагностикалық әдістері.
- Бұзылған жоғарғы психикалық функциялардың қайта қалпына келтірілуі. Медициналық психологтардың қайта қалпына келтіру жұмыстарының мәні. Қайта қалпына келтіру және «қалыпты» оқытудың салыстырмалы сипаттамасы. Қайта қалпына келтіру оқытудың міндеттері. ЖПФ-ны қайта қалпына келтіру жолдары. Қайта қалпына келтіру оқытуының ұстанымдары. Бұзылған сөйлеу іс-әрекетін қайта қалпына келтіру.